



АЙҒАҚ

MEDIA

f Айғақ Медиа

Instagram aigakmedia

YouTube Айғақ ТВ

Газет Қазақстан Журналистика Академиясының "Алтын Жұлдыз", Қазақстан Журналистер одағының Тұрар РЫСҚҰЛОВ және Саттар ЕРҮБАЕВ атындағы сыйлықтарының, "Алтын жүрек" сыйлығының иегері

ТҮРКІСТАН МЕН ШЫМКЕНТТІҢ АРАСЫН ЕНДІ ЖЕДЕЛ ПОЙЫЗ ЖАЛҒАЙТЫН БОЛАДЫ

Жаңа жылда жағымды оқиға орын алды. Яғни, «Түркістан-Шымкент» жедел пойызының маршруты іске қосылды. Алғашқы рейсті салтанатты түрде шығарып салу рәсіміне Түркістан облысы әкімінің бірінші



Екі қала арасында азаматтардың қатынауын оңтайландыру мақсатында жедел пойызды іске қосып отырмыз. Бұл Түркістан мен үшінші мегаполис арасындағы байланысты нығайтып, сондай-ақ туризмнің дамуына өз үлесін қоса түседі, деп сенеміз», – деді Қайрат Теміршотұлы.

орынбасары Қайрат Нүкенов қатысып, жолға шыққалы тұрған пойызға сәтті сапар тіледі.

«Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары, бүгін жағымды жаңалықтың куәсі болып тұрмыз. Түркістанның облыс орталығы болуына байланысты, облыстық басқармалар мен департаменттер қызметкерлерінің Шымкент қаласынан осында қоныс аударып, еңбек етіп келе жатқаны баршамызға белгілі.

Жедел пойыз әзірге аптасына 2 рет, дүйсенбі мен жұма күндері қатынайды. Яғни, дүйсенбі күні Шымкент қаласынан сағат 05:45-те, жұма күні Түркістан қаласынан сағат 19:25-те жолға шығады. 2 сағат 15 минут жүретін пойыз тек Арыс қаласына ғана аялдайды.

Пойыз 175 адамға шақталған. Жол жүру құны 609 теңге болып бекітілген. Билеттерді кез-келген теміржол кассаларынан немесе интернет арқылы алуға болады.

Елімізде «7-20-25» бағдарламасының жүзеге асқанына да біршама уақыт өтті. Ұлт Көшбасшысы Н. Назарбаевтың қазақстандықтарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламасын жүзеге асыру аясында үшінші мегаполисте жаңа жылда жағымды жаңалықтан басталды. Яғни, Шымкентте «7-20-25» бағдарламасымен «Жас отау» тұрғын үй кешені ел игілігіне берілді.



«ЖАС ОТАУ» ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Тұрғындардың қуанышын бөлісуге келген Шымкент қаласының әкімі Ф.Әбдірахымов қалада құрылыс саласының қарқын алып келе жатқанын атап өтті. Жаңа жыл

қарсаңында алған қоныстарының іші шаттық пен қуанышқа, береке мен бірлікке толсын, деген тілегінде жеткізді өкім.

Қалада мемлекеттік бюджеттен 68 үйдің құрылысы жүріп жатса, оның 13-і жыл соңына дейін тапсырылады. Жаңа үйлерді мемлекеттік тұрғын-үй құрылысы бағдарламасы аясында

«Отау строй» ЖШС-гі өз қаражаты есебінен салған. Тұрғын үй кешенінде жеті қабатты 56 пәтерлі 14 тұрғын үй бой көтерген. Қ.Төлеметов көшесінің бойында орналасқан тұрғын үйлердің 1-шаршы метрі нарықтан төмен. Қазіргі таңда, Шымкент қаласының тұрғындары ЦентрКредит, АТФБанк, Пенсанабанк, Bank RBK мен Еуразиялық банк арқылы ипотекалық несиелені ала алады.

Акерке ИСМАНОВА.

ЖАҢА ЖЫЛҒА ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР

Ұлт Көшбасшысы Н. Назарбаев өзінің өткен жылғы 5-ші қазанда халыққа арнаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында ел азаматтарының әл-ауқатының өсуі басты басымдыққа айналу тиістігін айтып өткен болатын. 2019 жылғы өзгерістер жайлы халыққа толығырақ түсіндіру мақсатында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы бойынша филиалының директоры орынбасары Бекенов Бахыт Шертайұлымен сұхбаттасқан болатынбыз.

- Бахыт Шертайұлы, Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркістан облысын құру туралы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» заңының 3-бабы

1-бөліміне сай, Түркістан облысының орталығы Түркістан қаласы болатындығы туралы жарлығы жарияландығы баршамызға мәлім. Соған орай, Халыққа қызмет көрсету орталығы, жер

қатынастары, жылжымайтын мүлік, зейнетақы және жәрдемақы төлеу бойынша салада қызмет көрсететін төрт негізгі, яғни Халық көп пайдаланатын Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды біріктіретін, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы бойынша филиалы директорының орынбасары лауазымына тағайындалып отыр. Сізді, үлкен жетістігіңізбен құттықтаймыз. Мекеме жөнінде тағы да қысқаша айтып өтсеңіз...

- Рахмет. Бұл ең басты халық үшін жасалған дүние. Мақсатымыз – төрешілдікті азайту, мемлекеттік қызметтерді ұсыну

мерзімін барынша қысқарту болатын. Барлық өкімшілік кедергілер жойылуда. Аталған «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекет-рациясы лекетік көр-



сетіп келеді. Яғни, мемлекеттік қызметтерге жүгінген халық бір жерден барлық керегін ала алады. «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясының маңызды стратегиялық бағыттарының бірі – азаматтар мен бизнеске цифрлық нұсқада қызмет көрсету. Мамыр айында корпорация құрылған 2 жыл ішіндегі «Халыққа қызмет көрсету орталығы», «Жер кадастры және жылжымайтын мүлік-ті техникалық тексеру» жөне «Өлеуметтік төлемдерді ведомстваралық есептеу» департаменттері бірігіп, бір құрылымға айналды. Осылайша, бір орталыққа біріктіру жүйесі, құрылымдардың қайталануын болдырмай, фронт-кеңселерде цифрлық қызмет алуға жағдай жасауға бағытталды.

Н.НАЗАРБАЕВ: ЖАСТАРДЫҢ БАСТЫ ӨМІРЛІК БАҒДАРЫ-ЕЛІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ...

Мемлекет басшысы қайырымдылық кешіне қатысушыларға арнаған сөзінде 2018 жыл бүкіл Қазақстан үшін жемісті болғанын, сонымен бірге жастардың басты өмірлік бағдары-еліміздің тәуелсіздігі болуы тиіс екенін атап өтті.

— Өлемде еліміздің беделі айтарлықтай нығая түсті. Қазақстанға тартылған инвестиция көлемі 17,5 пайызға артты. Жалпы, экономикамыз 4 пайыздан астам өсті. Бұл — бірлесіп атқарған жұмысымыздың нәтижесі. Сондықтан, барлығыңызға алғыс айтамын, — деді Қазақстан Президенті Нұрсұлтан

Әбішұлы. Мемлекет басшысы өзінің сөзінде алдағы жылы елімізді одан әрі дамытуға септігін тигізетін көптеген шаралар өтетіні жөнінде айтты.

— 2019 жылдан бастап ең төменгі жалақы 1,5 есе өседі. Бұл 1,3 миллион адамды қамтитын болады. Біліктілігін растаған мұғалімдердің еңбекақысы 30 пайыздан 50 пайызға дейін көбейеді. Құқық қорғау органдарының қызметін жақсартуды көздейтін жұмыстар атқарылады. Туризмді ілгерілету үшін де шаралар қабылданады, — деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев келер жылы жас-

тардың өлеуетін дамытуға ерекше мән берілетінін айтты.

— Жастарға арналған арнайы мемлекеттік бағдарлама төрт міндетті жүзеге асыруға бағытталды. Бұл — білім беру, баспанамен қамтамасыз ету, денсаулық сақтау және патриоттық тәрбие беру мәселелері. Бүгінгі жұмыстардың бәрі болашағымыз үшін жасалуда. Жастардың басты өмірлік бағдары еліміздің тәуелсіздігі болуға тиіс, — деді Н.Әбішұлы.

Елбасы шараға қатысушыларды Жаңа жылмен тағы да құттықтап, барша қазақстандықтарға зор денсаулық бақ-береке мен табыс тіледі. Жаңа жылға арналған кешті өткізуден түскен қаражат қайырымдылық мақсатқа жұмсалатын болды.

Тағайындау

Бейбіт АТАМҚҰЛОВ-

ҚР Сыртқы істер министрі

Бейбіт Атамқұлов Қазақстанның Сыртқы істер министрі болып тағайындалды, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

«Бейбіт Бөкіріұлы Атамқұлов Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі болып тағайындалсын, ол Қазақстан Республикасының қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі қызметінен босатылсын», — делінген сөрсенбідегі Президенттің Жарлығында.

Б.Атамқұлов Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі қызметін 2016 жылдан бері атқарған. Оған дейін Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі болды.



Нұрсерік ШӘРІПОВ-

Қарағанды облыстық сотының төрағасы

Жоғарғы Соттың төрағасы Жақып Асанов жоғарғы сот органының судьясы Дәулен Нұралин және Қарағанды облыстық сотының бұрынғы төрағасы Мұсабек Әлімбаевтың құрметпен қызметтен кетуіне және Нұрсерік Шәріповтың жаңа қызметке тағайындалуына орай салтанатты жиналыс өткізді.

Нұрсерік Көрімұлы Шәріпов 1965 жылы 13 қазанда Павлодар облысының Ертіс қаласында туған. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін заңгер мамандығы бойынша; М.Қ. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің экономика факультетін экономика бакалавры дәрежесімен бітірген.

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетінде комсомол комитетінің хатшысы, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің өкімшілік-құқық кафедрасының ассистенті, ҚР Президенті Аппаратының және Министрлер кабинетінің азаматтық және рақымшылық жасау жөніндегі бөлімінің референті, Қазақстан Республикасының Президенті Аппаратында рақымшылық жасау бөлімінің аға референті, Алматы қаласы, Фрунзе аудандық сотының судьясы, Алматы



қаласы Медеу аудандық сотының судьясы, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық өкімшілік сотының төрағасы, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы, Маңғыстау

облыстық сотының апелляциялық сот алқасының төрағасы, Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы, Жоғарғы сот жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі департамент басшысы қызметтерін абыроймен атқарды.

Естеріңізде болса, Нұрсерік Шәріпов 2012-2017 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы қызметін атқарған тұста, облыстық сот гимаратының алдына «Үш билік» ескерткішін, ҰОС ардагерлеріне арнап «Даңқ тақтасын» ашып, ҰОС-ның ардагері, заңгер-жазушы Н.Төлендиевтің тұрған үйіне мемориалдық тақта орнатуына мұрындық болды, оның есімін Шымкенттегі бір көшеге бергізгені және Шымкенттен Ордабасы тауына дейін «Билерге тағзым», одан кейін «Түркістанға тағзым» велошеруін ұйымдастырып, Түркістан қаласына барғаны, судьялармен бірге қыс айында Қазығұрт тауына шығып, тұтіккені әлі ел есінде.

Нұрсерік Көрімұлының жаңа қызметіне сәттілік тілейміз!

Жанар БЕКТАЕВА -

Шымкент қаласы ішкі саясат және дін істері басқармасы басшысының орынбасары

Бектаева Жанар Әлібекқызы 1982 жылы Жамбыл облысы, Қаратау қаласында дүниеге келген. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ —нің Шымкент бөлімшесінде «Саясаттану» мамандығы бойынша білім алған және осы мамандық бойынша магистратураны тәмамдаған.

Алғашқы еңбек жолын Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ —нің Шымкент институтының «Саясаттану» кафедрасында оқытушы болып бастап, ОҚО ішкі саясат департаментінің талдау және мониторинг бөлімінде бас маман, ақпараттық саясат және БАҚ мониторинг бөлімінде жетекші маман, бас маман, бөлім



басшысы, ОҚО ішкі саясат басқарма басшысының орынбасары, ОҚО әкімі аппаратының жалпы бөлімінде бас инспектор болып абыройлы қызмет атқарған.

Жаңа қызметке дейін Түркістан облысы, Түлкібас ауданы өкімінің орынбасары қызметін атқарды.

Бектаева Жанар Әлібекқызы Шымкент қаласы ішкі саясат және дін істері басқармасы басшысының орынбасары лауазымында қалалық қоғамдық бірлестіктер, саяси партиялар, қала өкімдігі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және дін істері салаларын қадағалайтын болады.

Азамат Бұхарбайұлы Парманов 1991 жылғы 29 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданы Тұрбат ауылында дүниеге келді.

Азамат Бұхарбайұлы Қазақ Гуманитарлық Заң университетінің «экономикалық және бизнес», Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің «құқық бакалавры».

Азамат Парманов СҚО аудандық салық төлеушілермен жұмыс және өндіріс алу бөлімінің бас маман-заңгер-консультантының міндетін атқарушы, бас маман заңгер-консульт, мәжбүрлеп өндіріс алу басқармасының бас маманы, Жанама салықтарды өкімшілендіру басқармасы ҚҚС өкімшілендіру бөлімінің бас

Азамат Бұхарбайұлы ПАРМАНОВ -

Қаратау ауданы әкімі аппаратының басшысы



маманы, Астана қаласы Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы, жанама салықтарды өкімшілендіру бөлімінің бас маманы, Шымкент қаласы Еңбекші ауданы өкімі аппаратының халықпен жұмыс жүргізу бөлімінің бас маманы міндетін атқарушы, Еңбекші ауданы өкімі аппаратының халықпен жұмыс жүргізу бөлімінің бас маманы, Шымкент қаласы өкімі аппараты ұйымдастыру инспекторылық бөлімінің бас инспекторы, Шымкент қаласы өкімі аппараты өлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің бас инспекторы қызметтерін атқарған.

ЗЫРЯН АУДАНЫ АЛТАЙ БОЛЫП ӨЗГЕРТІЛДІ

Елбасының Жарлығымен Шығыс Қазақстан облысының Зырян ауданы және Зырян қаласы Шығыс Қазақстан облысының Алтай ауданы және Алтай қаласы деп қайта атау туралы «Қазақстан Республикасының өкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес ҚАЗҰЛЫ ЕТЕМІН: 1. Шығыс Қазақстан облысының Зырян ауданы және Зырян қаласы

Шығыс Қазақстан облысының Алтай ауданы және Алтай қаласы деп қайта аталсын.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақпала, 2018 жылғы 28 желтоқсан №821

Бұл аптада кімдер туылған?

10.01.1961 ж.
Ләззат Сүлейменова
ҚР Орталық сайлау комиссиясының мүшесі

10.01.1936 ж.
Рахым Балабасев
ақын, «Күрмет» орденінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Оңтүстік Қазақстан облысының Күрметті азаматы

11.01.1965 ж.
Тамара Дүісенова
«Нұр Отан» партиясының хатшысы

11.01.1940 ж.
Марат Қыстаубаев
ҚР «Білім беру ісінің үздігі», «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Оңтүстік Қазақстан облысының Күрметті азаматы

14.01.1945 ж.
Мұқан Шакиров
Ж.Шанин атындағы қазақ драма театрында актер, ҚР Мәдениет қайраткері, «Күрмет» орденінің иегері

15.01.1948 ж.
Иманәлі Байдәулетов
Шымкент қаласының Күрметті азаматы, м.ғ.д.

15.01.1964 ж.
Жаңабай Агабеков
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «ЕвроРемонтСервис» ЖШС-нің директоры

15.01.1949 ж.
Мырзакелді Кемел
э.ғ.д., ғалым,
ҚР Парламенті Сенатының бөлім меңгерушісінің орынбасары

15.01.1962 ж.
Абай Балажан
«Оңтүстік Қазақстан» газетінің директоры - бас редакторы

Күрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

Жеті күнің 7 жаңалығы

ТҮРКІСТАНДА

Жансейіт Түймебаев жастардың неке қию рәсіміне қатысты

Ақтөре мен Арайлым - жас мемлекеттік қызметшілер. Бірі Бөйдібектің, енді бірі Шымкенттің тумасы. Елбасының шешімін асқан жауапкершілікпен қабылдаған олар рухани астанаға қызметін ауыстырып, жұмыстарын өрі қарай жалғастырып жатыр. 24 жастағы Ақтөре Болатұлы Түркістан облысының «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің менеджері. Болашақ жары Арайлымды да осында жолықтырған. Ол Түркістан облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері департаментінде жұмыс жасайды.

Салтанатты жиынға арнайы келген Түркістан облысының өкімі Жансейіт Түймебаев жас жұбайларға ақ тілегін арнады. Шара барысында Облыс орталығында салынып жатқан көп қабатты үйлердің бірінен қызметтік пәтер алуға сертификат тапсырды.

Жаңа онкологиялық орталық пайдалануға берілді

Жаңадан жасақталып, құрылған емдеу мекемесінің негізгі мақсаты – онкологиялық аурулардан болатын өлім-жітімді төмендету және ерте диагностиканы арттыру, онкологиялық ауруларға скрининг жүргізуді жетілдіру жолымен 5 жылдық өміршеңдікті арттыру.

Медициналық мекеменің іші жаңа, қажетті технологиялармен қамтамасыз етілген. Мұнда электронды кезек құту залы, жеке тіркеу орны да қарастырылған. Ең бастысы - әртүрлі бейіндегі жоғары санатты дәрігерлер қызмет көрсетеді. Онкологиялық орталық тәулігіне 220 науқас қабылдауға қауқарлы.

Төлеби ауданының тұрғындары «көгілдір отынмен» қамтылды



Түркістан облысына қарасты Төлеби ауданының жұртшылығы табиғи газға қол жеткізіп, отын тасып, құл шығарудан арылды. Облыс өкімі Жансейіт Түймебаев ондағы Алатау ауылдық округіне қарасты Жаңатұрмыс, Қайнар, Нысанбек елді мекені тұрғындарының қуанышымен бөлісетуі барып, ондағы 2,5 мыңға жуық халықты жақсы жаңалығымен құттықтады.

Қазіргі таңда Төлеби ауданында жалпы саны 55 елді мекеннің көгілдір отынмен қамту үлесі халықтың 82 пайызын құрады. 2017-2018 жылдары 8 елді мекенге облыстық бюджеттен құрылыс жұмыстарына 928,4 млн теңге бөлініп, табиғи газбен қамтамасыз ету бойынша құрылыс жұмыстары толығымен аяқталды.

Жаңа автобекеттің іргетасы қаланды

Түркістан қаласында облыс өкімі Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен заманауи жаңа автобекет құрылысының іргетасын қалау рәсімі өтті. Жаңа автобекет 3 гектар аумақта орналасатын болады. Алдағы уақытта тәулігіне 10 мың жолаушыға, яғни 600 автобусқа қызмет көрсетпек.

Жобаның жалпы құны - 1 млрд. 875 млн. теңге. Автотұрақ пен бекет алдындағы алаңдық аумағы - 3400 шаршы метр, отырғызу перроны - 3600 шаршы метр, жолаушыларды түсіру перроны - 1100 шаршы метр, ал көгалдандыру аймағы - 6000 шаршы метрді құрайды.

Мақтааралда асфальт-бетон зауыты іске қосылды

Мақтаарал ауданында индустриялық аймақ мен логистикалық орталық жұмыс істейді. Қазіргі таңда Германиядан әкелінген технологиямен «Soldatos» ЖШС-ның асфальт-бетон зауыты өз жұмысын бастады. Өндіріс орны тәулігіне 1000 тонна асфальт-бетон өнімдерін өндіре алады. Құны 300 миллион теңгені құрайтын зауыт 30 адамды жұмыспен қамтып отыр. Бұл туралы Түркістан облысының өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Мақтаарал ауданының өкімі Бақыт Асанов мәлімдеді.

Түлкібаста «Халықтық кеңсе» ашылды

Түлкібас ауданында халыққа қызмет көрсететін «Халықтық кеңсе» ашылды. Жаңадан ашылған мекеменің ашылу рәсіміне Түркістан облысының өкімі Жансейіт Түймебаев арнайы қатысып, аудан тұрғындарын құттықтады.

«Халықтық кеңседе» аудандық өкімдікке қарасты 8 дербес бөлім 96 түрлі қызмет көрсетеді. Мекеме халыққа бір терезе қағидаты бойынша қызмет көрсетеді.

Айта кетейік, бұған дейін «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын іске асыру мақсатында аудандық соты да «Халықтық кеңсе» ашқан.

Жаңа жылда - жаңа қоныс

Елбасымыздың «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында, Түлкібас ауданының орталығы Т.Рысқұлов ауылына қарасты Бағыспаев пен Пушкин көшелерінің қиылысындағы №4 және №5 көпқабатты 32 пәтерлік 2 тұрғын үйлер елігілігіне пайдалануға берілді. №4 үйдің құрылысын мердігер компания «Шұғылы 2002» ЖШС 281 млн 191 мың теңгеге жүргізсе, №5 үйді мердігер «Нұрлы сан» ЖШС жалпы құны 281 млн. 344 мың теңгеге құрылыс жұмыстарын іске асырды. Мерекелік шараны алғы сөзбен аудан басшысы Н.Тұрашбеков ашып, жиналған қауымды Жаңа жылмен құттықтап, жаңа қоныс иелеріне пәтер кілттерін табыс етті.

ШЫМКЕНТ

Мемлекеттік-жекешелік өріптестік аясында екі білім беру нысаны ашылды

Шымкент қаласында мемлекеттік-жекешелік өріптестік аясында қос бірдей әлеуметтік нысан пайдалануға беріліп, жұрт қуанышы еселенді. Үш тілде білім беретін екі ғимараттың ашылу салтанатына Шымкент қаласының өкімі Ғабидолла Өбдірахымов арнайы барып қатысты.

Алдымен, өкімшілік-іскерлік орталығында салынған 320 орындық «Атамеке» балабақшасы елігілігіне берілді. Бөбекжай соңғы талаптарға сай, заманауи құрылғылармен жабдықталған. Мұнда өр топқа арналған ойын алаңшалары, қысқы-жазғы шомылу бассейндері бар. Сонымен қатар, балалардың қауіпсіздігі үшін барлық бөлмелерде және аумағына бейнебақылау камералары орнатылған. Жас өрендердің тәрбие алуына және олардың бойына білімнің алғашқы негізін қалауға қажетті жағдайдың барлығы жасалған.

Осы күні Сайрам тұрғын алабында 900 орындық жекешелік «Арафат» жаңа мектебінің лентасы қиылды.

Шымкентте республикалық маңыздағы қалаларға қатысты нормалар қолданылады

Парламент Сенатының жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының өкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Заңы қабылданды, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Конституциялық заң жобасымен «Қазақстан Республикасында сайлау туралы» және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңдар өзгерістер енгізу көзделген.

Министр Т.Сүлейменовтың сөзіне қарағанда, аталған заң жобасын қабылдау заңнамалық актілердің республикалық маңызы бар қалаларға қатысты нормаларын Шымкент қаласына да қолдануға мүмкіндік береді.

Шымкент - Дубай халықаралық тікелей ұшақ рейсі ашылды

2018 жылдың 28 желтоқсаны күні Шымкент және Дубай қалалары аралығында тікелей ұшақ қатынай бастады. Ұшақ бағытының салтанатты ашылу рәсіміне Шымкент қаласы туризм және сыртқы саясат басқармасының жетекшісі Тұрар Ахметов және Шымкент Халықаралық әуежайының өкілдері қатысты.

Жолаушыларды «Fly Dubai» компаниясының ұшақтары тасымалдайды. Өуе кемесі екі қаланың арасында 1 аптада екі рет ұшады. Рейстің ұзақтығы – 3 сағат.

2025 жылға қарай мегаполис өзін толықтай қаржыландыра алады

ҚР Ұлттық экономика министрі Т.Сүлейменов Шымкент қай кезеңнен бастап дотациялық өңір атауынан шығатынын айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Сенаттың жалпы отырысында депутаттар министрден Шымкент қаласы бүгінде дотация алып отырғанын айта келе, аталған шаһар қай уақыттан бастап өзін-өзі толық қаржыландыра алатынын сұрады.

«Шымкент қаласының экономикалық өрі қаржылық тұрғыда әлеуеті жоғары. Жақында қала өзін-өзі қамтамасыз ететін деңгейге жетеді. Біз шаһар өкімдігімен тиісті есептеулерді жүргіздік. Экономикалық даму жоспарын ескере отырып, 2025 жылға қарай Шымкент аталған межеге шығады», - деді Т.Сүлейменов.

Аталған құжатты қабылдау заңнамалық актілердің республикалық маңызы бар қалаларға қатысты нормаларын Шымкент қаласына да қолдануға мүмкіндік береді.

Бос жұмыс орындары мен кәсіптік оқытуға құжаттар қабылданады

Шымкент қаласы өкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуға және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында Шымкент қаласындағы жұмыс іздеуші азаматтардан 2019 жылдың қаңтар айынан бастап уақытша бос жұмыс орындарына (жастар тәжірибесі, әлеуметтік жұмыс орындары) және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға құжаттар қабылдайды.

Мекенжайы: Нұрсәт шағынауданы, Бөйтерек көш., 89. Анықтама телефоны: 39-51-31.

Шымкентке жаңа автобустар жеткізілді

Үшінші мегаполиске жаңа автобустар жеткізіліп, қаланың қоғамдық қызмет көрсету саласы 39 қоғамдық көлікпен толықты. Жаңа дизайнды автобустар қаланың шалғай аймақтарына әлеуметтік маңызды бағыттармен жүреді деп күтілуде. Көліктер «Евро 5» санатына жатады.

Алдағы уақытта көлік компаниялары жолаушыларды тасымалдау бойынша конкурса қатысуды жоспарлауда. Айта кетейік, бүгінде Шымкентте күнделікті 1151 автобус тұрғындарға қызмет көрсетеді. Оның басым бөлігі 7 жылдан бері бағыттарда жүр.

«Ютонг» маркалы бұл автобустардың сыйымдылығы жоғары, заманауи және қолайлы.

Мемлекеттік баспаға құжаттар қабылданады

2019 жылдың 16 қаңтары мен 18 қаңтары аралығында (сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін) «Бөйтерек девелопмент» АҚ бағыты бойынша тұрғын үйлерге құжаттар қабылданады.

Тұрғын үй кезегінде тіркелген азаматтардан құжаттар 3 жұмыс күні ішінде қабылданады. Бұл бағыттың операторы - «Бөйтерек девелопмент» АҚ.

Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, 192-орамда орналасқан № 359, 359/1, 359/2, 359/3, 359/4, 359/5, 359/6, 359/7, 359/8, 359/9, 359/10, 359/11, 359/13, 359/14, 359/16, 359/17 тұрғын үйлердің 91 пәтерін пайдалануға беру жоспарлануда.

Бір бөлмелі пәтер - 12, екі бөлмелі пәтер - 15, үш бөлмелі пәтер - 64. Тұрғын үй сатып алу мүмкіндігімен 18 жылға жалға беріледі.



ҚАБАНБАЙ АТАУЫ ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?

Биылғы доңыз жылына байланысты пікірталасудың бір ұшы қазақтың Бас Батыры Қаракерей Қабанбай бабамызға тірелді. Көптеген достарымыздың, Дима Исхаков деген бауырымыздың сөз сарыны «Ерасыл қалай Қабанбай аталды?» деген сұрақпен аяқталыпты. Бұл жөнінде жазған едік. Қайтара ұсынайық.

Көнеден келе жатқан аңыздарда Ерасылдың жұрт аузынан шыққан және де алты есімі сақталыпты. Қазақтың көне салтымен жеңгелері ірі денесіне қаралып Нарбала, қатарластары әкесі Қожақұлдың ізін басып, батыр болар деп-Ізбасар атапты. 1723 жылы Түркістанды жаудан қорғау кезінде елдің басын қосып, жасақ құрып, дұшпанға атойлап қарсы шапқан Ерасылды жұрт хан сайлап-Хан батыр деп өспеттепті. Абылай- Дарабоз атап, басына көтеріпті. Бұхар жырау әулие-Көкірек әулие деп алқаулапты. Осы жеті есімінің шіндегі ел танымалысы- Қаракерей Қабанбай. Кейінгі уақыттардағы жазба әдебиеттерде Ерасылдың Қабанбай аталуы туралы әр түрлі деректер айтылады. Осыған бір сөз назар аударалық.

Біз ес білгелі шыбық мініп жарысқасқ, «Қабанбайлап» ұрандайтынбыз. Елде өтетін жиын- тойдағы палуан күресте екі жақ та «Қабанбайлап» белдесетін. Бөйгенің алдынан көрінген шабандоз сөреден «Қабанбайлап» өтетін. Құлаққа өбден сіңген есім. Қарттарымыз бұл аттың қалай шыққанын біз ұмытпасын дей ме екен, жиі өңгімелесті отыратын. Алдымен осы аңыздарға тоқталайын.

1. Мал жайлауға шығып жатқан уақыт болса керек. Ерасыл 18-20 жастарда сияқты. Арқада бұл маусымның ортасынан кейінгі мерзім. Қаш басындағы ақсақалдардың алдын қамсы шінін шыққан қабан бөгең, кідіртті. Ерасыл секілді жастар кейінірек жүреді ғой. Не болғанын білмек үшін қарттармен қатарласа, тайыншадай қабандарды көреді. Жігіттердің алды болып Ерасыл ұмтылыпты. Найзамен жасақп, біржерін шанышп тастапты. Міне, осы жылдамдыққа риза болған ақсақалдар жағу:

- Нағыз қабан - Ерасыл екен ғой! - деп мадақтапты.

Ерасыл сол күннен бастап Қабанбай деген ат алыпты дейді.

2. «Дарабоз» романында жазушы ағамыз Қабдеш Жұмаділов бұл аңызды сөз өзгертіпті. Ол кісінің айтуынша бір - жар бала-

лармен қатар Ерасыл көл жағалай жылқы бағып жүреді. Аяқ асты қамыстан шыққан қабандар жылқыға тап береді. Бірақ аса найзагер Ерасыл оларды жайпап салады. Қасындағы бала қабан алғаш жүргенде- ақ ауылға зытқан екен. Бердәулет бастаған жігіттерді алып жетеді. Жайрап жатқан қабандарды көрген жездесі өбден разы болып:

-Нағыз Қабан сен екенсің ғой!- депті.

Содан Ерасыл Қабанбай аталып кете барыпты.

3. «Түп- тұқияннан өзіме шейін» атты кітапта автор өз версиясын ұсынады. «Қабанбай батыр жауға қарай тура қабан секілді мойын бұрмай, тік шабады екен. Содан жұрт Қабанбай атап кетті» деп жазады. Біреуге ұнар, екіншіге ұнамас, бірақ айтылған соң, мұны да көрсеткен орынды.

4. 1968 жылы Рымғали Нұрғалиев ҚазМУ - нің журналистика факультетінде оқуымыз бізге сабақ берді. Алғашқы лекциясында бәрімізбен жақын танысуды жөн көрсере керек, туған жеріміз, оқуға түскенше не істегенімізді жеке- жеке сұрады. Ол кезде Қазақстандағы жалғыз Университеттің екі факультетіне- журналистика және заң факультеттеріне екі жылдық еңбек өтілімен ғана қабылдайтын. Кезек маған келді. Талдықорған облысы, Алакөл ауданынан екенімді естіген соң:

- Қабанбай батырдың елінен екенсің ғой. Неге Қабанбай аталғанын айта қойшы, - деп

аса жылы сөйледі.

Айттым. Бірінші нұсқаны. Рымғали аға сөзімді бөлмей тыңдап алды. Соған соң:

- Ел аузындағы аңыз ғой. Шындығын біле жүргендерің жөн. Қазақ Хандығы құрылғаннан бастап, жойылғанға дейін Хандығымызда «қауан» деген мемлекеттік лауазым болған. Ол ханнан кейінгі екінші адам еді. Ал соғыс кезінде өскер қолбасшысы, - депті.

Кейіннен академик Рымғали Нұрғалиев осы дерегің «Абай елі» Энциклопедиясында жазыпты.

Міне, төрт түрлі версия. Бәрін айтқан жөн. Өңгіме нақтылы тарихи тұлға жайлы болғанда ештеңені, тіпті, жайсыз, қерегер болса да, жасырып қалуға болмайды. Бар шындықты айту міндет. Сен айтпасаң, өзге айтады. Енді, осыларды талдап көрейікші. Ауылда өстік. Мал, тұз тағысы жайын аздап білеміз. Қабан аса сақ, адамдардан алыс жүретін жануар. Ерасылдың тұсында тайыншадай ірі төбеттер өр ауылда бар. «Ар» еткен дауысынан - ақ ит - құс секенеді. Оның үстіне көш қашан да дабыр - дұбыр, тай мінген балалардың шуылымен алыстан құлаққа шалынады ғой. Осындай көштің алдын қабан бөгені деген көңілге қона қор ма екен? Ақсақалдар, мүмкін, бөгенер. Бірақ қасқыр алып үйренген төбеттер қарап тұрма. Оның үстіне ақсақалдардан соң бағырма мен сырымтаға сан түскен сақа жігіттер жүрсе керек. Олар қарап тұрмаса анық? Бозбала Ерасылдың алдыға түрсе қоймаса. Ерасылдың өзі де ағаларының алдын кеспес. Бұл жорамал, не дересін де солқылдақ.

Тұз тағылары өзінен өлденеше рет ірі жылқыға шауыпты деген де ақыла қонымысыздау. Қанша жылқышымен сөйлестім, көл жағалай отырған жылқылы ауылдың адамдарынан сұрастырдым. Бәрі бір ауызды - қабан еш уақытта жылқыға тимейді. Мұндай оқиғаны естімізгі. Шынына келгенде бұл вариант та неғайбыл.

Ал, «Түп- тұқияннан өзіме шейін» атты кітаптағы «Батыр жауға мойын бұрмай, тік шабады екен» деген сөз соғыс атаулысынан нысып хабары жоқ адамның айтылғаны сияқты. Бораған жебе мен лақтырылған сүңгіге қарсы бұрлымбай шапқан адам мерт болары анық. Қабанбай батыр ондай оғаш қылыққа баруы мүмкін емес. Оның үстіне ол кезде қорғасын оқты мылтықтың шыққан кезі. «Батыр- бір оқты» деген мақал бар. Кітап авторы ойдан құрап, әйтеуір бірдене деу үшін жазған секілді.

Міне, назарларыңызға ел аузындағы төрт вариантты түгел тарттық. Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс? Өзіңіз ойлап, мырза көңіліңізбен пішерсіз. Өз басым академик Ырымғали Нұрғалиевтің дерегі дәл деген пікірдемін.

Камал ӘБДІРАХМАН.

20 ДЕКАБРЯ ПЕРВЫЙ АВТОСУПЕРМАРКЕТ Aster РАЗЫГРАЛ АВТОМОБИЛЬ Renault Megane!

20 декабря 2018 годасостоялся розыгрыш главного приза акции «Выиграй #Aster-Mobile» - автомобиля Renault Megane - победителем стал Амонбаев Адхам, искренне поздравляем!

В рамках открытия нового официального дилерского центра Renault и Nissan в Шымкенте по адресу проспект Байдибек би 3/1 – компания Aster Auto провела акцию «Выиграй #Aster-Mobile!» по условиям которой все, кто купил или продал свой автомобиль в Aster Auto Шымкент, получили право участвовать в розыгрыше автомобиля Renault Megane.

Renault Megane – самый популярный хетчбек в Европе в своем классе, благодаря имени Renault и спортивной истории своего создания. Двигатель отличается повышенной надежностью и износостойкостью деталей, а также адаптацией к качеству топлива в странах СНГ. Кувоз хетчбек обеспечивает функциональность, современный дизайн и яркие впечатления как от вождения, так и от его внешнего восприятия. Спортивные формы сочетаются с эргономика внутреннего пространства салона, в котором могут комфортно разместиться 5 человек.

Победителем розыгрыша и владельцем Renault Megane стал Амонбаев Адхам – участник первой сотни клиентов, которые приняли участие в акции. Адхам в ноябре воспользовался услугой выкупа автомобилей с пробегом в Aster Автосупермаркет, сдав свой Chevrolet Malibu.

Первый Автосупермаркет Aster – крупнейший в области центр покупки и продажи автомобилей с пробегом, на открытой площадке которого выставлено наибольшее количество автомобилей с



пробегом в наличии – более проверенных 200 автомобилей с гарантиями. Каждый Клиент может выгодно обменять, продать или купить автомобиль быстро и прозрачно, в комфортных условиях автосалона. Акция стартовала 8 октября и закончилась 20 декабря торжественным финалом вручения автомобиля, собрав за период проведения более 400 участников финального розыгрыша, которые купили или продали автомобиль в Aster Auto Шымкент, но существовал и еще один путь – для клиентов сервисной станции или для клиентов отдела приема автомобилей с пробегом. Эти клиенты для участия в акции должны были сфотографироваться возле пресс-стены и разместить свое фото в социальных сетях. Потом случайным отбором Aster Auto выбрали троих победителей, которые получили право на участие в розыгрыше главного приза.

Данная акция была приурочена к открытию мультибрендового дилерского центра Renault, Nissan, Subaru компании Aster Auto.

Дилерский центр Aster Auto является самым большим автоцентром в концепции 3S* в Туркес-

танской области, общая площадь составляет более двух гектаров, а общая площадь шоурума нового дилерского центра составляет 1350 кв.метров – в нем комфортно размещается более 20 автомо-

билей, зоны отделов продаж и обслуживания, кафе и детская зона для самых маленьких Клиентов Aster Auto.

Площадь сервисной зоны составляет более 945 кв.метров, в ней расположено новейшее сервисное оборудование для осуществления планового и гарантийного обслуживания автомобилей, в соответствии с высокими стандартами Renault и Nissan.

*3S концепт – это автоцентр в котором под одной крышей размещаются полный цикл оказания услуг клиентам – продажа автомобилей, аксесуаров и запчастей к нему, а также – гарантийное и пост-гарантийное обслуживание.

Aster Auto – официальный дилер Nissan, Renault, Subaru и Mercedes-Benz в Алматы, Шымкенте и Астане, осуществляющий продажу новых автомобилей, аксесуаров, запчастей, гарантийное и пост-гарантийное сервисное обслуживание автомобилей данных марок.

Aster Автосупермаркет – официальный дилер автомобилей с пробегом, крупнейший в Казахстане, осуществляющий выкуп, продажу и обмен автомобилей с пробегом в Алматы, Шымкенте и Астане.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын барша қазақстандықтар сияқты отырарлықтар да зор ықыласпен қабылдады. Елбасының бұл мақаласы біз мекендеген Ұлы даланың, біздің ата-бабаларымыздың дүние жүзі өркениетінің дамуына зор үлес қосқанын, оның тарихта алатын орнының ерекше екендігін жан-жақты дәлелдеп берді.

Жалпы қазақстандықтарға ерекше ой тастаған мақалада кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі екені, ал тарих уақыт пен кеңістіктің тоғысқан кезінен басталатыны, кез келген елдің ата тарихындағы ұлы жетістіктерімен мақтануының заңдылық екендігі, онымен тек мақтаншы қана қоймай, оны терең зерттеп, өздерінің түп-тамырларын білуге ұмтылуы өте орынды екендігі айтылады. Мақалада Елбасы атқа міну мәдениеті бізден басталғанын ерекше атап өткен. Атқа мінгенде қолайлы болу үшін, шалбарды да бабаларымыз ойлап тапқан. Ер-тұрман мен үзетіңгі пайдалану сол кездегі өркені үшін төңкеріспен бірдей бағаланған. Өйткені, ерде нық отырып, қос аяқты үзетіңгі тіреп садақ атқанда жебесі ұзаққа өрі нысанаға деп тисе, қылышпен шапқанда, ондаған есе қуатпен шабатын болған. Бұл, әрине қарсы келген жауына үрей туғызған. Дәуіріміздің I ғасырына дейінгі Ұлы далада біздің бабаларымыздың үстемдік құруы, осындай алып территорияны иеленіп қалуымыз да, атқа міну мәдениетін шебер меңгерген ата-бабаларымыздың ерлігі мен жанқиярлық бағырлығының арқасында болса керек. Сол дәуірден ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға жалғасып келе жатқан ат үстіндегі ұлттық ойындарымыздың ұрпақтарымызды ерлікке, ептілікке, батылдыққа, ержүректілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеудегі алар орны ерекше екені белгілі. Сондықтанда ауданымызда ұлттық ойындарды дамытуға үлкен мән берілуде. Ауданымызда ат спорты федерациясы құрылып, нәтижелі жұмыс істеуде. Соңғы жылдары көкпаршыларымыз ірі додалардан жүлделі оралып жүр. Елбасының: «Ежелгі Отырар қаласының бірқатар нысандарын – үйлері мен көшпелерін, қоғамдық орындарын, су құбырларын, қала қамалының қабырғалары мен тағы да басқа жерлерін шінара қалпына келтіретін туристік жоба да қызықты болмақ. Осының негізінде білімді дәрінтеуге және туризмді дамытуға баса мән берілуі қажет», деп өлкемізге арнайы назар аударғаны бізді, яғни отырарлықтарды ерекше қуанышқа бөледі. Елбасы атап көрсеткен осы мәселелерді тез арада шешу үшін қаражат керек екені белгілі. Егер қаржы бөлінген жағдайда Отырар ауданы Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп отырып жұмыс істеуге дайын. Ұлы даланың өлемдік өркеніне қосқан үлесі өте зор екені даусыз. Батыс пен Шығыстың, Оңтүстік пен Солтүстікті жалғанан Ұлы Жібек Жолы тек қана сауда-саттықты ғана өркендеткен жоқ. Осы жол арқылы мәдениеттер тоғысып, ол ғылым мен білімнің дамуына үлкен үлес қосты. Басқаны айтпағанда, орта ғасырлық Отырарда Шығыс моншасы, еңселі де зәулім мешіт-мәдреселер, Александриядан кейінгі екінші кітапхана, Теңге сарайы, тағы басқа өсем ғимараттар бой көтерген. Талайлар сол жүйесінің не екенін білмеген көз кезеңнің өзінде



ҰЛЫ ОТЫРАР – ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ АЛТЫН ДЕҢГЕГІ

